

## И.Эвен-Зохар полисистема теориясы

Нурелова Әсия

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант

**Түйін:** Бұл мақалада И. Эван-Зохардың полисистема теориясы қарастырылған. Сонымен қатар осы полисистема теориясындағы қазақ әдебиетінің орны. Жалпы аударма әдебиетінің жергілікті әдебиетке ықпалы. Аударма әдебиетінің жергілікті әдебиетте, мәдениетте орталық орында болуы, ұлттық әдебиеттің дамуыны әсері қарастырылған.

**Abstract:** This article discusses polysystem theory. The position of translated literature within the literary polysystem. The position of translated literature in the Kazakh literature.

Белгілі ғалым Итамар Эвен-Зохар полисистема теориясы орыс формалисті Ю. Тынянов, Р.Якобсонның зерттеулерінен бастау алады.

Әдебиетті жүйе ретінде қабылдап, ал әдеби шығарма сол жүйенің бір бөлігі ретінде түсіну концепциясы бастапқыда Р.Якобсонның, Ю.Тыняновтың еңбектерінде, кейіннен Я.Мукаржовский, И.Левый, А.Поповичтын еңбектерінде жазылып, И.Эвен-Зохардың концепциясында орын алды. Израиль ғалымы осы концепцияны- полисистема теориясы деп атады [1].

Ғалым «полисистема» теориясы арқылы, әдебиетті мәдени, тарихи, әлеуметтік жүйесінің бір бөлігі. Яғни, жүйедегі жүйе екенін көрсеткісі келді. Бір қарағанда бір-біріне сәйкес келмейтін элементтер мен функциялар бір жүйеде өзара бәсекелес, альтернативті жүйелер құра алады [2].

Бұл жүйелер иерархия принципі бойынша құрылып, басқа жүйелермен өзара байланысып, олармен жоғарғы позицияға иелену үшін тартысқа түсе алады.

Мұндай қарама-қайшы қатынасты төмендегідей атауға болады: канонды-канонды емес, орталық- перифериялық, бастапқы-қосымша.

Канонды элементтер мен функциялар қоғамда міндетті, бар функциялар болып саналады. Яғни мәдени феномендерге тән емес қасиеттер. Орталық-периферия оппозициясы полисистема ішіндегі жағдайды сипаттайды.

Бұл оппозицияны жоғарғы мәдениетті маргиналды субмәдениетке қарама-қарсы қою деп қабылдауға болады. Бастапқы - мәдениетте «жаңашыл» болып есептелінетін элементтер мен функциялар болып табылады, ал консервативті сипаттағы мәдениет қосымша болып есептелінеді [3].

Динамикалық полисистема концепциясы барлық мәдени феномендерге, адамның әр саладағы қызмет түрлеріне қолданыла алады: тәрбие, тіл, өнер, әдебиет т.б. Осы әр феноменнің өз «репертуары» болады:

«Репертуар дегеніміз белгілі бір затты шығару үшін, оны қолдану үшін қажетті ережелер мен объектілер жиынтығы [4].

Осы өнімді қолданатын қоғам үлкен болса, репертуардың да қолдану аясы кең болады. Тілдік қатынаста «репертуар» грамматикадан, лексикадан тұрады.

Әдебиет деп негізгі функциясы «әдебиетті жасау» болып табылатын қарым-қатынас желісі немесе іс-әрекет жүйесі. Яғни, әдебиет дегеніміз, қоғамда жоғарғы тап болып саналатын адамдардың әдебиет деп таниатын «репертуар» туындысы болып есептелінеді. Канондық репертуардың нәтижесінде пайда болған мәтіндер мен мәтіндердің жеке бөліктері, белгілі бір қоғамның тарихи мұрасының бөлігі болып қабылданады. Яғни әдебиеттілік мәтіндердің негізі болып табылмайды, керісінше қоғам канондық қасиетке ие болғанда, әдебиет те осындай сипатты иеленеді [5].

Бір жағынан канондық репертуарлар үнемі перифериялық, маргиналды репертуармен оппозицияда болады. Канондық репертуарлар үнемі қолданыста болғандықтан автоматтыланып, конвенцияланады. Конвенциялану деңгейі жоғарылаған сайын ақпараттылығы төмендейді. Сондықтан олар біртіндеп ығыстырылып, стереотипке айналады.

Екінші жағынан перифериялық репертуарлар канондық аймаққа кіріп, оның ақпараттылығын жоғарылатып, жаңа эстетикалық құндылықтар пайда болады. Осылай, эстетикалық репертуарлар, яғни әдеби мектептер, ағымдар, жанрлар үнемі ұлттық мәдениетте көшбасшылық позиция үшін, оқырманның көңілі үшін тартыста болады.

И.Эвен-Зохар аударманы да осы өзара бәсекелес жүйелер мен субжүйелерге кіргізеді. Оның теориясына сәйкес, қабылдаушы әдебиеттің полисистемасына көркем аударманың интеграциялануының екі тәсілі бар:

- қабылдаушы әдебиеттің арнайы талаптарын ескеріп бастапқы мәтіндерді таңдау
- аударма әдебиеті өзінің арнайы нормалары мен стратегиясын құрастырады, яғни жергілікті жүйемен өзара байланысатын өзінің репертуарын жасайды[6].

Жалпы аударма мәдениетте, әдебиетте перифериялық орын алады деп есептелінеді. Бірақ Эван-Зохар өзінің теориясын кеңірек қарастырып, аударма әдебиетінің де қабылдаушы әдебиетте орталық позицияға ие бола алатынын дәлелдеп, үш алғышарттарды бөліп көрсетті:

«жас» әдебиет даму процесінде болғандықтан, әлі полисистема болып құрылған жоқ. Сондықтан «жас» мәдениет дамыған, қалыптасқан мәдениеттерден дайын әр түрлі мәтін модельдерін алады.

1) Кішігірім халықтың әдебиетін дамыған, күшті халықтың әдебиеті басып тастайды.

2) Үшінші жағдай мәдени, экономикалық дағдарыс: ескі модельдер жойылып, пайда болған вакуумды аударма арқылы келген жаңа идеялар мен ағымдар толтырады [7].

Аударма доминанты, әдеби репертуарды күйшейткіш функциясын атқарып, сонымен қатар ұлттық мәдениетте жаңа идеялардың, жанрлардың пайда болуына ықпал етуі мүмкін. Соңғы жағдай жас, перифериялық әдебиетке тән жағдай. Немесе белгілі әдеби жүйе дағдарысты басынан өткеріп жатса, аударма әдебиеті жаңашылдық алып келіп, жергілікті әдебиеттің бойына қан жүгіртіп, оятатын жағдайлар да аз емес. Мұндай кезде аударма жаңашылдық функция атқаратын болса, аударма мәтінін бастапқы мәтінмен барынша жақындастыратынаударма нормаларын жасайды. Осылай әдеби үлгілерді импорттайды. Бұдан аударма полисистемада маргиналды роль атқармайтынын көруге болады. Керісінше әдебиетте орталық орынға ие болып, негізгі, белсенді репертуарына айналып жатады.

Сондықтан әдебиеттегі процестерді байқау үшін аударманы жан-жақты зерттеу маңызды. Аударма қандай функция атқару керек, аударманың сол әдебиеттегі орны қандай, сол әдебиетке не беру керек деген сияқты мәселелер қарастырылуы маңызды. Бұл жағдайда аударманы тек түпнұсқаны дәл жеткізуші жағынан ғана қарастырмай, сонымен қатар оны сол қабылдаушы әдебиеттегі орнын, оқырманның реакциясын да ескеру аса маңызды. Оны тек аударма деп қарастыру қателік болады. Ол сол мәдениетте көркем шығарма болып қабылданатындықтан. Оның әдеби нормаларға, сол мәдениеттің талаптарына сай болуыда маңызды. Түпнұсқадағы ақпаратты сақтай отырып, оқырманға ақпаратты түсінікті тілде, контекстте жеткізу.

Жаһандану, интеграция заманында, мәдениеті,әдебиеті әлсіз, дамымаған елдер үшін өз әдебиетін дамыту барған сайын қиындауда.

Егемендігін алғаннан бастап қазақ әдебиеті дағдарыста. Бұған көп жылдар бойы кеңес өкіметінің құрамында болып, кеңес әдебиетінің бір бөлігі ретінде дамып, көп шығармалар орыс тілінде жазылғаны да әсер етпей қоймайды. Бүгінгі таңда қазақ әдебиетінде аударма әдебиеті көшбасшы орнын иеленуде. Халықтың басым көпшілігі аударма әдебиетін оқып, онсыз да дамуы кенже қалып отырған ұлттық әдебиет терең дағдарыстан шыға алмауда. И.Эвен-Зохардың полисистема теориясында келтірілген аударма әдебиеті әдебиетте орталық орынды иелену мәселесі, қазіргі кезде қазақ әдебиетінде орын алып отыр. Қазіргі жастар ұлттық

әдебиетті емес, аударма әдебиетті көбірек оқиды. Осы мәселені шешудің бірден-бір жолы, полисистема теориясында айтылған дамыған әдебиеттердегі модельдерді қолданып, өз әдебиетін дамыту:

әлем әдебиетінің жанрларын импорттау;

әлем әдебиеттерінің жаңашыл үрдістерін қазақ әдебиетінде қолдану;

әлем әдебиеттерін қазақ тіліне аудару;

Басқа елдерден әдеби жанрларды, модельдерді импорттау арқылы жергілікті әдебиетке кеңіл аударту, қазақ тіліне аудару арқылы қазақ тіліне қызығушылық тудыру, қазақ тілін дамыту. Қазақ тілінде оқитын оқырмандардың санын арттыру. Екінші жағынан қазақ аударматануын дамыту.

Итамар Эвен-Зохардың полисистема теориясы қазақ аударматану ғылымына өзекті. Осы жүйе арқылы көркем аударма, көркем әдебиет саласындағы қиыншылықтарды талдау, зерттеу өзекті мәселелердің бірі.

### Әдебиеттер

1. L. Venuti, The translation studies reader, London, 2000.
2. Э. Пунч, Пути развития западного переводоведения, М., 2015.
3. Дескриптивное переводоведение: Even-Zohar (1981/1990), Hermans (1999), Holmes (1972/2000, 1975), Munday (2001), Schäffner (1999), Toury (1980, 1995) A. Pym, Exploring Translation theories, Routledge, 2010, 20-29.
4. M. Naganuma, “Discourse of Equivalence in Translation Studies” Interpreting and Translation Studies, No.13, 2013, 25-41.
5. M. Kondo and J. Wakabayashi, Japanese Tradition. In: M. Baker and K. Malmaakjaer, Routledge Encyclopedia of Translation Studies, London and New York: Routledge, 1998, 485-494.
6. Y. Furuno, “Japanese translation in the 1970s: A translation period” Interpretation Studies, No. 2, 2002, 114-122.
7. 河原清志「西洋の翻訳理論の重要論点とその社会文化史的連関」『通訳翻訳研究への招待』 No. 14, 2015, 94-99.